

**Траншекаралық өзендерде ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамыту туралы
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қытай Халық
Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы Келісім**

Келісім, Пекин қ., 2006 жылғы 20 желтоқсан

**Траншекаралық өзендерде ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын
дамыту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі және Қытай Халық Республикасының Су
шаруашылығы министрлігі арасындағы
КЕЛІСІМ <*>**

(2006 жылғы 20 желтоқсанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2007 ж., N 1, 7-құжат)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Тараптар) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында көршілес достық қарым-қатынастарды нығайту және одан әрі дамыту мақсатында, 2001 жылғы 12 қыркүйектегі трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы Келісімді негізге ала отырып, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау аумағында бірлескен ғылыми зерттеулер және техника алмасу жүргізудің қажеттігін атап көрсете отырып мыналар туралы келісті:

1-бап

Тараптар трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласында бірлескен ғылыми зерттеулер мен техника алмасуды дамытуға келісім берді.

2-бап

Тараптар мынадай салаларда трансшекаралық өзендер бойынша ынтымақтастықты алмасу мен дамытады:

1. Қыс мезгілінде бақылау және өлшеу нақтылығын арттыру әдістерін бірлесе зерттеу, гидрологиялық бақылау өлшемдерімен және техникамен дамыту.

2. Су ресурстарының көлемін бағалау және гидрологиялық талдау әдістерімен алмасуды дамыту.

3. Су сапасын бағалаудың бірыңғай әдістерін зерттеу, зертханалық жағдайда су сапасын зерттеу бойынша гидрохимиялық бақылау және техника алмасу жөніндегі ынтымақтастықты дамыту.

4. Судың сапасын және көлемін өзгерту тенденцияларының зерттеулерін өрістету.

5. Су экожүйелерін эволюциялық зерттеулерін дамыту.

6. Тараптармен келісілген басқа зерттеулер.

3-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықтың мынадай нысандарын дамытады :

1. Екі тараптың тиісті ведомстволарының бірлескен зерттеулерін ұйымдастыру.

2. Екі елдің ғалымдары мен сарапшыларының өзара сапарлары және алмасуын ұйымдастыру.

3. Ынтымақтастық салалары бойынша баспасөз басылымдарымен, техникалық құжаттамамен өзара алмасу.

4. Тараптардың келісімі бойынша ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

4-бап

Бірлескен комиссия Ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы және Тараптардың техникалық алмасу бағдарламасын бекіткеннен кейін Тараптардың тиісті ведомстволары немесе мердігерлік ұйымдары арасында келісімге қол қою жүзеге асады .

5-бап

Тараптар осы Келісімнің жүзеге асырылуына байланысты тиісті шығындарды жеке жұмсайды.

6-бап

Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін, сондай-ақ ұсынылған ақпараттық материалдарды пайдалану Тараптармен қол қойылған Келісім шеңберінде анықталатын болады. Тараптардың келісімінсіз үшінші Тарапқа кез келген материалдарды беруге немесе басқа жағдайларда пайдалануға жол берілмейді.

7-бап

Осы Келісімнің қайсыбір ережесі Тараптардың ешқайсысының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатысты маңызды ақпаратты немесе деректерді беруге міндеттемейді.

8-бап

Осы Келісім Тараптары қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтар және міндеттемелерге ықпал етпейді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және орындау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар жолымен шешеді.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін олар Тараптармен бекітілген хаттамалармен немесе құжаттардың басқада түрлерімен рәсімделеді. Бұл өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

11-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 2001 жылғы 12 қыркүйекте қол қойылған трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы Келісімнің қызмет ету мерзімі ішінде күші бар.

Осы Келісім 2006 жылғы 20 желтоқсанда Пекин қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

(Қолдары)